

Қаралды: *Ақын*

Тәрбие ісінің меңгерушісі

Ақынтаева М.Б.

Сарысай орта мектебі

«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша атқарылған жұмыстар

2022-2023 оқу жылы

Сарысай орта мектебі мектеп кітапханасының «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша 2022-2023 оқу жылының есебі

«Оқуға құштар мектеп» жобасы:

Жобаның мақсаты:

Оқушылардың оқу мәдениетінің деңгейін және олардың оқу белсенділігінің өсуін арттыру; жас ұрпақ бойынша азаматтық, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру; оқушылар, педагогтер және ата-аналар арасында оқуды танымал ету үшін жағдай жасау. Мектеп кітапханаларына қоғамның назарын аудару.




Сарысай орта мектебі «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша 4-5 сыныптармен «Ең үздік оқырман» атты іс шараға анықтамасы. Бұл шарада оқушылар өздерінің оқыған кітаптарын мазмұның айтып басқа балаларға оқуға ұсынды. Оқушыларға қазақ тілінде, ағылшын тілінде, орыс тілінде кез келген кітаптар беріліп сол кітаптарды қайсысы дұрыс тез оқып береді сол жеңімпаз атанады.

Мақсаты: балаларды кітап оқуға тарту. қызықтыру, насихаттау.



Сарысай орта мектебі «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 2-сәуір Халық аралық балалар кітаптары күніне орай мектепте көрме ұйымдастырылды анықтамасы. Көрмеге кітап туралы айтылған дана сөздер, оқушылардың кітапқа арналған сурет көрмесі ұйымдастырылды және де ертегілер кітаптары, балаларға арналған кітаптар қойылды. Мақсаты. Мектеп оқушыларының оқырмандық белсенділігін ұйымдастыру және оқушылардың кітапқа деген құмарлығын оятумен қатар танымдық-мәдени дамуына жол ашу.



Сарысай орта мектебі «Оқуға құштар мектеп» жобасының аясында «Дінмұхамед Қонаевтің туғанына 110 жыл» атты көрме ұйымдастырылған анықтамасы. Дінмұхамед Қонаев ол-қазақ халқының жүрегінен орын алған теңдессіз тұлға. Оқушыларды Қонаевтың өмір баянымен таныстырып, еңбек жолы, отбасы туралы мәлімет берілді.

Мақсаты: оқушыларды Дінмұхамед Қонаевтың кім екенің, оның Қазақстан халқына адал еткен еңбегі туралы түсіндіру.



Сарысай орта мектебі «Оқуға құштар мектеп» жобасының аясында 1- мамыр Қазақстан халқының бірлігі күніне «Қазақ елі-татулық мекені» атты көрме ұйымдастырылды анықтамасы.

Көрмеде «Менің Отаным Қазақстан», «Қазақ халқының салт-дәстүрі», «Биография дружды» атты кітаптар пайдаланды.



Сарысай орта мектебі «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 1 сынып оқушылары «кітапханаға саяхат» атты ашық есік жасап, оқырманымыз ретінде қабылданған анықтамасы.

Бүлдіршіндер кітапхана ережесімен, кітапты күтіп ұстаудың жолдарымен таныс болды. Балаларға кітап қоры туралы мәлімет «Ертегілер әлемі», «Балаларға базарлық» атты көрмелермен таныстырылды. Өздерінің сүйікті кейпкерлері жайлы қызықты кітаптар мен балаларға арналған журналдар топтамаларын қызыға тамашалады.



Сарысай орта мектебі «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында бастауын буын оқушылары «менің сүйікті ертегім» атты ашық есік анықтамасы. Балалар өздері оқыған ұнатқан кітаптарды оқып берді.

Мақсаты: Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арта түсіріп, қаншалықты кітап оқитындарын анықтау. Оқушы бойында өз бетімен кітап оқып білім алуға дағдыландыру, білімнің кітапта екенің ұғындыру, кітапты оқуға бағалауға тәрбиелеу.



Анықтама

Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 3-4 сынып арасында «Интернет орнына кітап» атты пікірталас ретінде іс шара ұйымдастырылды

Мақсаты: Балаларға интернет қанша қажеттілік болса да, кітаптың орнын баса алмайды. Кітап рухани азық қана емес, түсінген адамға сырлас дос ұғындыру. Кітаппен дос болған әрбір адамның ой-өрісі кең, жан-жақты болып тәрбиеленері сөзсіз. Кітаптың берер пайдасы мен ақылы ұшан-теңіз екенің түсіндіру.



Сарысай орта мектебі «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Қазақ жырының қара бұрасы атанған Мұқағали Мақатевқа арналған көрме анықтамасы. Мақсаты: Ақиық ақының жырларымен таныстырып, оқушылардың поэзия туралы түсініктерін, сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамыту. Көрмеде Мұқағалидің портреті, отбасылық суреттер, өлендері бар кітаптар, Мұқағали туралы айтылған жақсы пікірлер қойылды



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Жаңа әлем жаңа кітаптар» атты кітап көреге анықтамасы.

Көрменің мақсаты: оқырмандарды жаңа кітаптармен таныстыру, кітап оқуға қызығушылығын арттыру. Кітап көрмесінде Ыбырай Алтынсарин, Конный спорт энциклопедиясы, Әдептілік әдемілік, Абайдың қара сөздері, Алдар көсе ертегілері, Адам денесі энциклопедиясы, Шәкәрім т.б. жаңа кітаптар ұсынылды. Кітап адам өміріндегі ең қажетті құндылық, білім заман талабына сай жүйе арқылы өз-өзімізді тәрбиелей аламыз. Сондықтан кітап оқып, кітап жанашыры болуға шақырамыз.

Кітапханашы Есентаева Н.З